



Жалағаш

Жаршысы



№85 (9972)

28 қазан

сенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Президент

Еңбек елентген күн

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні қарсаңында Ақордада бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсырды. Президент ең алдымен салтанатты жиынға қатысушыларды еліміздің ең басты мейрамы – Республика күнімен құттықтады.



Бұл – қазақтың мемлекеттілік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арпалысы ақталған күн. Халқымызда «Егемен болмай, ел болмас» деген сөз бар. Осыдан 33 жыл бұрын тарихи әділдік орнады. Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Осы маңызды құжат жұртымыздың азаттық алуына жол ашты. Ақжолтай құжат жұртымыздың талап-тілегіне сай жазылды, отаншыл азаматтардың ақыл-парасатының арқасында қабылданды. Олардың сын сағаттағы батылдығын нағыз ерлік деп бағалауға болады. Біз қазір Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Сондықтан өткен заманның қайраткерлеріне, олардың еңбегіне лайықты, әділетті баға беріп отыруымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Осы жобаның аясында 655 амбулатория және фельдшерлік-акушерлік нысан салынады, құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Бұған қоса 20 ауданаралық көпбейінді емхана ашылады, 12 емхана заман талабына сай жаңарады. Яғни 4 млн-дан астам ауыл азаматына сапалы дәрігерлік қызмет көрсетіледі. Елімізде «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынды. 2026 жылға дейін барлық аймақта жүздеген жаңа мектеп бой көтереді. Ауылдарда 100 спорт орталығы ашылады. Сондай-ақ 650 мәдениет ошағы салынады және жөнделеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның «елдің ішінде де, айналасында да бейбітшілік», «әрауландық арқылы – бірлікке» деген қағидаттарды әрдайым берік ұстанатынын мәлімдеді. Оның айтуынша, Қазақстанның алдында бұрын-соңды болмаған жаңа сын-қатерлер тұр. Осы күрделі кезеңде мемлекетіміздің орнықты дамуы өте маңызды. Біз болашаққа сеніммен қараған біртұтас Қазақ елін күллі өлемге танытуымыз керек.

«Бұл – қазақтың мемлекеттілік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арпалысы ақталған күн. Халқымызда «Егемен болмай, ел болмас» деген сөз бар. Осыдан 33 жыл бұрын тарихи әділдік орнады. Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Осы маңызды құжат жұртымыздың азаттық алуына жол ашты. Ақжолтай құжат жұртымыздың талап-тілегіне сай жазылды, отаншыл азаматтардың ақыл-парасатының арқасында қабылданды. Олардың сын сағаттағы батылдығын нағыз ерлік деп бағалауға болады. Біз қазір Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Сондықтан өткен заманның қайраткерлеріне, олардың еңбегіне лайықты, әділетті баға беріп отыруымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Алтын дән – 2023

Еңбек мерекесі – елдің берекесі

Астық – ел байлығы. Жыл он екі ай бойы еңбек етіп, төккен тердің нәтижелі жемісін таразыға салар шақ, диқандарымыз асыға күткен күн де жетті. Киелі Жалағаш жері биыл да күршітен тау тұрғызып, ауданымыздың мәртебесін асқақтатты. Күз мерекесі киелі өлкемізді өрісті, кемелдігімізді кенішті етті. Кеше аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы өнер ошағында «Алтын дән 2023» салтанатты шарасы өтті.

Мерекелік шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов бастаған ел ағалары мен ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері, аудан тұрғындары қатысты.



Дала дарабоздарының ел байлығын мөлаитудағы тынымсыз еңбектері мен толағай табыстарына өз ризашылығымызды білдіре отырып, қамбамыз дөңге, қорамыз малға толып, халқымыздың ырыс-құты артып, несібеміз мол болсын деген ақ тілегімді арнаймын, – деді аудан басшысы Ардақ Әбдіғалпарұлы.

«Қуатты аймақтар – қуатты мемлекет» дегеніміз жалаң ұран емес. Бұл – Әділетті Қазақстанды құруға қажетті ең басты қағидат. Былтыр еліміздің өкімшілік-аумақтық құрылымына бірқатар өзгеріс енгізілді. Сол арқылы кейбір облыстық дамуына тың серпін бердік. Менің тапсырмаммен ауыл-аймақты дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Бұл құжаттың мән-маңызы зор. Аймақтарда әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын құру – басты міндет. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы басталды.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі – отаншылдық – ең алдымен туған елінің игілігіне қызмет ету» деген болатын. Аудандағы

ақжолтай жаңалықтың бірі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі ең жоғары мемлекеттік награда – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы мен айырықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» орденімен «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектүлі серіктестігінің төрағасы Имамзада Шағыртаевты елорда төрінде өткен салтанатты жиында марапаттаған болатын.

Ауданның «Алтын дән» мерекелік шарасына қатысқан Имамзада Қуанышбайұлы аудан жұртын мерекелем құттықтап, жылы лебізін білдірді. Ол

Ел Президентінің еңбек адамдарына қашан да құрметі жоғары екенін айтып, ыстық сөлемін жеткізді. Шілденің ыстығына, тынымсыз соққан желге, аяқ судың азығына қарамастан, маңдай терімен мол өнімге қол жеткізген дала еңбеккерлеріне қандай құрмет көрсетсек те жарасымды. Мерекелік кеш аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасып, жергілікті тұрғындарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Ел жаңалықтары

2024 жылдың 1 қаңтарынан Ұлттық қордағы инвестициялық табыстың 50 пайызы барлық 18-ге толған балаларға теңдей бөлінеді.



Ұлттық қор аударымын кімдер шеше алады?

2024 жылдың 1 қаңтарында елдегі көпестікке толмаған барлық балаға бірдей қаражат аударылады. Ал аударымды 18 жасқа толған бала ғана шеше алады. Яғни қазір 17 жастағы балалар келер жылы бір реттік төлемді ғана алады. Жыл сайын ақпан айында төлем жасалып отырады. Қазір 16 жастағылар екі реттік төлемді ала алады, – деді Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков Орталық коммуникациялар алаңында.

2023 жылы 1 қазандағы ресми деректер бойынша елдегі 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны шамамен 7 миллион адамды құрады. Бірақ бұл көрсеткіш келер жылдың 1 қаңтарына дейін өзгертінгі белгілі. Сондықтан қаржы көлемі тек 2024 жылы 18 жасқа дейінгі барлық баланың саны анықталғанда белгілі болады.

Ата-аналар ақша аударымын БЖЗҚ-ның сайтынан баланың ЖСН-ын теру арқылы біле алады. Ол жерде жылына қанша ақша аударылғаны көрсетіліп тұрады. Ал бірнеше жылда жиналған жиынтық соманың қанша болғанын білу үшін egov.kz-тегі жеке кабинетке кіру қажет болады, – дейді Дәурен Темірбеков.

Киік аулау мерзімі қысқартылмақ

Экология және табиғи ресурстар министрлігі аң аулау ережелеріне өзгерістер енгізді. Тиісті бұйрық жобасы «Ашық НҚА» порталында жарияланды.



Құжатқа сәйкес, киіктерді аулау мерзімін 1 қазаннан 15 қарашаға дейін белгілеу ұсынылып отыр. Қоғамдық пікір 9 қарашаға дейін қолжетімді болады.

Қырғиұек айында киіктер реттеуге жататын жануарлар тізіміне енгізілді. Білік 6 қазаннан бастап 200 мың басты ұстауға рұқсат берген. Кейінірек Экология министрлігі киіктерді аулау болатынын хабарлаған еді.

«ЖЖ» ақпарат



